

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
“ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ТОЛҒАНЫС”» атты**

**Хабар агенттігінде берілген сұхбатын
талқылау бойынша конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

1 қазан 2014 жыл, Алматы қаласы

Алматы 2014

Т.О. Омарбеков,
т.ғ.д., профессор

ҰЛЫТАУ – ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҰЛАҒАТТЫ МЕКЕНІ



Елбасымыздың Ұлытаудағы сөзі қазақ халқының тағдырында қазақ тарихының қандай маңызды екендігін тағы да дәлелдегендей болды. Бұлай дейтініміз, тәуелсіздік алғалы бері Елбасымыз тарихқа үздіксіз назар аударып, қоғамдық сананы қалыптастыруда және жетілдіруде тарихтың орасан зор маңызы бар екендігін түсіндірумен келеді. Бәрімізге белгілі, кезінде тарих жылы жарияланды, қуғын-сүргіндерді

еске алу жылы атап өтілді, ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіштер орнатылды, қазақ хандарының бейнесін қалпына келтіру жолында да біраз нақты шаралар жүзеге асырылды. Мұның бәрі тарихқа байланысты жасалған мемлекеттік саясаттың кейбір тұстары ғана.

Енді мінекей, тарихи қасиетті орындарды түгендеуге көштік. Олардың ішінде Елбасымыз тоқталған Ұлытаудың орны шынында да ерекше. Ол өзінің сөзінде қазақ халқының қалыптасуының алтын бесігі болып табылатын Ұлытау өңіріне байланысты тарихымызға нақты сипаттама бергеніне куә болдық. Онда ол, қазақ тарихының ғұндардан басталып, көк түріктерге жалғасатынын, одан Алтын Ордаға келетінін қысқаша сипаттады. Әрине, шағын ғана сұхбатта халқымыздың күллі дамуын нақты кезеңдермен толық баяндап беру мүмкін емес. Жоғарыда айтылғандар біздің ойымызша, халықтың тарихын бағалауға және зерттеуге замандастарымыздың назарын аударып отырған көзқарас деп ойлаймыз.

Шындығына келсек, казак халқының шығуы аса күрделі процесс. Ол ғұндардан ғана емес алғашқы тас дәуірінен басталады. Осының нақты куәсі Жезқазғанда, яғни Ұлытау өңірінде ежелгі палеолит дәуірінің елді қоныстарының табылуы дер едік. Жезқазғанда орналасқан Жаман-Айбат тұрағы және оның айналасындағы тағы да басқа б.з.д. 800 мың жыл бұрынғы, яғни палеолиттің ашель мәдениеті тұсындағы алғашқы адамдардың қоныстары осының айқын куәсі. Яғни, Жезқазған өңірінде алғашқы адамдар қауымдастығының қалыптасуы солтүстік-шығыс Африкадан шығысқа қоныс аударған алғашқы адамдардың жолында өмірге келді. Бүгінде тарихта әңгімеленетін «хомозректус», яғни «тік жүретін адам» осы өңірде еңбек қарекетін бастап, тас құралдарды өңдеумен айналысты.

Ежелгі сақтар да Ұлытау аймағына өзіндік із қалдырды. Бұл өңір исседон-сақтарының құтты мекеніне және көшу жолдарына айналған еді. Әйгілі алғашқы алтын адамды зерттеген археолог, ғалым Кемал Ақышев кезінде Қазақстанның солтүстік аймағындағы Тасмола мәдениетін зерттеп, мұны исседон сақтарының ескерткіші ретінде бағалаған болатын. Осы мәдениет пен Іле бойынан табылған сақтар мәдениетінің ұқсастығы назар аудартады. Исседондардың үйсіндермен байланысын алғаш негіздеген де К. Ақышев еді. Сақтарға нақты тоқталып отырған себебіміз, Қытай жылнамасында кейінгі түріктердің байырғы бабасы ғұндардың солтүстігінде орналасқан сақтар болып табылатыны, олардың алғашқы ұлыс билеушісі Адамбек деген тарихи тұлға болып табылатыны нақты атап көрсетілген. Олай болса, сақтар күллі түркі халықтарының арғы бабасы болып шығады.

Әрине, бұл жерде Елбасы атап кеткен ғұндардың іргелі тарихын да ұмытпағанымыз жөн болар. Ғұндарды әрине, бүкіл түркі халықтарының бабалары деуге болмас. Нақты казак халқын алатын болсақ, Орта жүзді құраған іргелі тайпалардың (наймандардың, арғындардың, керейлердің, уақтардың, қоныраттардың, қыпшақтардың) көбісі өздерінің арғы ата тегін осы ғұндардан бастайтыны да тарихи шындық. Ал, қазақтың кейінгі Ұлы жүзін құраған тайпалары өздерінің этникалық бастауларын қаңлылар мен үйсіндерден алатыны да белгілі. Ал енді батыс